



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№97
(20171)



29 маусым, сейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

● ПРЕЗИДЕНТ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Беларусь Республикасының Премьер-Министрі Роман Головченконы қабылдады.

Президент Қазақстан мен Беларусьтің сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық салалардағы байланыстарын, сондай-ақ интеграциялық бірлестіктер асындағы ықпалдастығын оң бағалады. Қасым-Жомарт Тоқаев екі мемлекет басшыларының тығыз байланыс жазап тұратынын және жоғары деңгейде қол жеткізген уағдаластықтардың сәтті жүзеге асырылатынын ерекше атап өтті.

— Сіздің бұл сапарыңыздың бағдарламасы тығыз екен. Қостанай облысына бардыңыз. Бұл — өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы әлеуеті тұрғысынан өте маңызды аймақ. Нақты келісімдерге қол жеткізіліпті. Сенбі күні Президентіңіз Александр Лукашенкомен сөйлестім. Екі мемлекет арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі дамыту мәселелері жөнінде пікір алмастық. Қазақстан үшін Беларусь, пын мәнінде, стратегиялық серіктес әрі одақтас ел. Ынтымақтастығымызды нығайтып, дамыта беру үшін барлық мүмкіндікті жасаймыз, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты келіссөздердің қорытындысы Қазақстан мен Беларусь қатынастарының көкжиегін одан әрі кеңейте беруге мүмкіндік беретініне сенім білдірді.

ӨZEKTІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Ресейдің Федералдық жиналысы Федерация кеңесінің төрағасы Валентина Матвиенкомен кездесу өткізді.

Кездесу барысында Қазақстан мен Ресей арасындағы көпжақты стратегиялық серіктестік пен одақтастықты нығайтудың перспективалары талқыланды. Сонымен қатар сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастыққа, еуразиялық интеграцияға және екі елдің коронавирус пандемиясына қарсы күрестегі бірлескен күшжігеріне қатысты өзекті мәселелер сөз болды.

Мемлекет басшысы Федерация кеңесінің делегациясына ітпінат білдіріп, Валентина Матвиенконың елдеріміз арасындағы екіжақты қатынастарды дамытуға және нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалады. Сондай-ақ ТМД Парламентарлық ассамблеясы кеңесінің төрағасы кызметіндегі жемісті еңбегіне тоқталды.

Президент заң шығарушы органдардың Қазақстан мен Ресей арасындағы байланыстарын жақындатуға ролін ерекше атап өтті.


ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Мың шақырымдық жол алғашқы қадамнан басталады. Ежелден келе жатқан тәмсіл осылай дейді. Журналист ретінде осындай алғашқы қадамға қуа болған едім, сонау 2004 жылы. Атап айтқанда, сол кезде «Ақшабулақ» кеңісінде Қызылордада тартылатын 124 шақырымдық газ желісінің алғашқы құбырын төсеу салтанатына қатыстым. Мұны Қызылорда облысын газдандыру бағытындағы ауқымды жұмыстардың алғашқы қадамы деуге толық негіз бар. Ол Елбасы тапсырмасына сәйкес, «Қызылорда қаласының жылу-қуат көздерін және тұрғын үй секторын ілесіне газға көшіру» жобасынан бастау алған еді.

Ыдырыс ТӘЖІЛҮЛІ,
«Сыр бойы»

КӨПKE ЖЕТКЕН «КӨГІЛДІР ОТЫН»



Жалпы Қызылорда облысында газдандырудың басталуы — еліміз тәуелсіздікке ие болғаннан кейінгі Сыр өңірінің қол жеткізген үлкен жетістіктерінің бірі. Сол жылдары облыстағы мұнай өндіруші компаниялар тереңнен алынып жатқан «қара алтынмен» бірге шығатын ілесіне газды ауаға жағып келгені белгілі. Үкімет ілесіне газды жағу көлемін азайту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама қабылдап, жер қойнауын пайдаланушылар үшін қатаң шарттар қойған болатын.

● 28 МАУСЫМ – БУҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ Қызметкерлері күні

Қалықтай бер, «Қанатты қалам!»



28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне сырбойи журналистерді облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова құттықтады. Салтанатты жиын Н.Бексезанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында өтті.

Нәзерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Мереке иелері алдымен LED экран арқылы жергілікті баспасөз бен телевиденің тарихын шолып шықты. Соның ішінде көрерменге жедел әрі нақты ақпарат таратып, халық пен билік арасындағы алтын көпірге айналған отызжылдық тарихы бар облыстық телеарна мен баспа құралдарының шоқтығы биік Тәуелсіздікпен бірге түлеген аймақ баспасөзі мен телеарнасының технологиялық жаңалануы, мамандардың кәсіби деңгейі жөнінен оқ бойы озық тұрғаны аян. Бұл ретте баспасөз құралдары халық рухын көтеретін, ұлт намысын жаңитын қуатты құралға айналды. Олар өзінің басты миссиясы — елжандылық, отансүйіштік ұстанымынан айныған емес. Бүгінгі

күні өңірдің медиа кеңістігінде 100-ден астам бұқаралық ақпарат құралы жұмыс істейді. Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт жастары», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт ақшамы», «Халық», «Тіл сақшысы», «Үстас мәртебесі» және тағы басқа басылымдар мүмкіндігі зор жана медианың алғашқы қарлғаптары ретінде интернет кеңістігінде аудиториясын қалыптастырып үлгерді. Ал «Kyzylorda-news.kz», «AlashInform.kz», «Seykhuinfo.kz» сайттары өзекті мәселелерді дер кезінде көтере білумен ерекшеленіп жүр.

«Қанатты қалам-2021» салтанатты шарасы ақпарат тасқыны алапат дәуірде мамандығына адал бола білген, ұстанымынан айнымаған, қалам қасиетін ардақ тұтқан тілшілер қауымын ұлықтауға арналды. Аймақ басшысы олардың елге жанашырлығы қиын-қыстау кезеңде анық байқалғанын айтты. Бүкіл әлемнің тынысын тарылтқан пандемия кезіндегі әріптестеріміздің еңбегі дәрігерлер мен күштік құрылым қызметкерлерінен кем түскен жоқ.

2-бет



Суреттер түсірген Н.НУРЖАУБАЙ.

Аймақта айтыс өтті дүбірлеген

Қазақ хандығының бес ғасырдан астам тарихында Тәуелсіздіктің 30 жылдығының өзіндік салмағы бар. Иә, ата-бабамыздың армандан, аңсап өткен азат күні бүгінгі ұрпақтың бақытына бұйырды. Сондықтан Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуы үшін тарихымызды терең танып, салт-сана, әдет-ғұрпы сынды рухани құндылығымызды көздің қарашығындай қорғауымыз қажет. Осы жолда қазақ айтысы ұлттық өнердің байрағын биік ұстап келеді.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

3-бет

● БРИФИНГ

Дәуір дамуының дидары

Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай брифинг ұйымдастырылып, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова журналистерді төл мерекесімен құттықтады.

Ыдырыс ТӘЖІЛҮЛІ,
«Сыр бойы»

— Қазір жаңа дәуірдің ақпарат әлемінде жаңалық көп. Қоғамның қайнаған тіршілігін, сан алуан оқиғаны шартарапқа шапшаң таратып, бәсекелестікке бой ұрған бұқаралық ақпарат құралдарының ролі өзгеше сипатқа ие болуда. Бұл — жаңғырулар әрине, қаламгер қауым мен баспа, телеарна, интернеттік желі болмасын ондағы барша қызметкерлердің білім мен тәжірибесі, қарымды қабілеті, бойдағы дарыны мен есепті жұмысының жемісі, — деді басқарма басшысы.

2-бет

● ТІЛЕКТЕСТІК

Ержан Қожас – «Үміттің» үздігі

Теңіз бен тағдыр, ауыл мен адам, дала мен қала өмірін бейнелеген әсерлі эссе, мағыналы макалалары арқылы оқырманын тапқан әріптесіміз Ержан Қожас байқау жеңімпазы атанды.

Ел газеті «Egemen Qazaqstan» арасын жалғап, үнемі сапарда жүретін әріптесіміздің әр макаласының дерекке толы. Жуырда ол басылым бетіндегі еңбектерін жинақтап, «Мен – ауылдың ұлымын» атты алғашқы жинағын оқырманға ұсынды. Ел дегенде елгезектік танытып, ауыл ахуалына алаңдап жүретін әріптесіміздің әлі де жазары көп деп сенеміз.

«СБ» ақпарат



● ЕКПЕ АЛ!

«Сары аймақ»: Сақтық шараларына салғырт қарамайық!



Елімізде коронавирус індетінің эпидемиологиялық ахуалы қайтадан нашарлап, Қазақстан «қызыл аймаққа» өтті. 28 маусымдағы жағдай бойынша, «қызыл» аймақта Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары, Атырау, Батыс Қазақстан және Қарағанды облыстары орналасқан. «Сары» аймақта Шымкент қаласы, Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Қызылорда және Маңғыстау облыстары тұр. Ал Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстары «жасылға» енген.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Ал жақында ғана «қызыл аймаққа» қосылған төрт өңірде шектеу талаптары қайта қарастырылып, сол аймақтардағы бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлердің қаулысына өзгерістер енгізілді. Жалпы карантин талаптарын қанша жерде күшейткенмен, індетке тойтарыс берудің басты «қаруы» вакциналау екені түсінікті. 27 маусымдағы мәлімет бойынша елімізде бірінші компонентті 3 130 095 адам, екінші компонентті 1 891 022 адам салдырды.

Қазақстан вакциналау көлемі бойынша әлемде 42-орынды алды. Our World in data онлайн-басылымы жасаған рейтингте Қазақстанда әрбір оншыны азамат вакцина алғаны көрсетілген. Басылым біздің елде 1,79 млн адам вакциналанды, бұл халықтың 9,4%-ін құрайтынын айтқан. Ал аталған рейтингте қош бастаған Қытайда 223 млн адам вакцина салдырған, бірақ бұл халықтың тек 15%-і ғана екен.

3-бет

